

**№32 «Қуаныш» балабақшасы МКҚК мен "№10 жалпы білім беретін орта мектебі" КММ арасындағы сабақтастық жөніндегі іс-шаралар жоспарының қыркүйек айында өтілген іс-шараларын
№1 хаттамасы**

«11» 09 2026ж

Отырысқа қатысушылар:

Лекерова Р.А., Боташова У.Ж., Тенизбаева Н.О., Қалыбаева Г.Қ., Жанабаева Г.К.

Күн тәртібінде:

1. Бес жасқа толған балаларға арналған ақпараттық базаны құрастыру
2. Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру сатылары арасындағы сабақтастық үдерісін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді, әдістемелік ұсыныстарды зерделеуді ұйымдастыру
3. «Мектепалды топтарының тәрбиеленушілерін мектепке қалай сауатты дайындау керек» тақырыбында мектепке дейінгі мекеме педагогтарымен жедел кеңесті ұйымдастыру және өткізу.

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Р.А.Лекерова сөз алып, **Бес жасқа толған балаларға арналған ақпараттық база** — бұл мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған мазмұнды, қауіпсіз және дамытушы ақпараттар мен материалдарды жүйелеуге арналған электронды немесе қағаз түріндегі қор. Мұндай база баланың танымдық, эмоционалдық, әлеуметтік және физикалық дамуына ықпал етуі керектігі бойынша айтылды.
2. Екінші мәселе бойынша — "№10 жалпы білім беретін орта мектебі" КММ директоры Ешмухамбетова Г.А. - Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру сатыларының сабақтастығын реттейтін нормативтік-құқықтық актілер мен әдістемелік ұсыныстармен таныстырды.
3. Балабақша әдіскері У.Ж.Боташова - Мектепке дейінгі мекеме педагогтарымен «Мектепалды топтарының тәрбиеленушілерін мектепке қалай сауатты дайындау керек» тақырыбында **жедел кеңес (экспресс-кеңес)** ұйымдастыру — бұл мектепалды даярлықтың сапасын арттыруға бағытталған, тәжірибе алмасуға және тиімді әдістемелерді талқылауға арналған кәсіби кездесу өтізіп, түсіндірме жұмыстары жүргізгендігі туралы айтып өтті.

Шешімі:

1. Балабақша мен мектеп арасындағы сабақтастық жөніндегі іс-шаралар жоспарының қыркүйек айындағы тақырыптар бойынша жұмыстар жүйелі жүргізілген деп саналсын..

Хатшы:



Жолаушыбаева Л.А.